

«БЕКІТІЛГЕН»

**«Қызылорда медициналық жоғары колледжі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның
Байқау кеңесінің «31» шілде 2019 ж.
№ 3 шешімімен**

**«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның
ақылы қызмет көрсету және олардан түскен қаражаттарды
жұмсау ереже**

1. 2009 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» №1102 Қаулысы, 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысы басшылыққа ала отырып әзірленген.
2. «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі - кәсіпорын) ақылы қызмет көрсету және олардан түскен қаражаттарды жұмсау ережесі (бұдан әрі - Ереже) кәсіпорында ақылы қызмет көрсету және олардан түскен қаражаттарды жұмсау тәртібін анықтайды.
3. Ақылы білім беру қызметтері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде білім беру органдарымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.
4. Ақылы негізінде қызметтер кәсіпорын және білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.
5. Ақылы қызметтердің бағасы білім беру қызметтерін көрсетуге байланысты шығындардың барлық түрлерін және өзге қосымша шығыстарды ескере отырып айқындалады және жылына бір реттен жиі емес қайта қаралуы мүмкін.
6. Ақылы қызмет көрсеткені үшін қаражат кәсіпорынның есеп шотына аудару арқылы жүргізіледі.
7. Кәсіпорында ақылы қызметтерді көрсетуден түсетін қаражат Даму жоспарына бойынша жоспарланады және пайдаланылады.

8. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражат кәсіпорында бірінші кезектегі іс-шараларды ескере отырып, міндетті түрде кәсіпорынның Даму жоспарына сәйкес қатаң түрде нысаналы мақсат бойынша жұмсалады.

9. Оның ішінде:

- ақылы білім беру топтарында қызмет көрсететін қызметкерлердің еңбек ақысы;
- салыққа төленетін төлемдер;
- іс-сапардың шығыстар;
- коммуналдық қызметтеріне;
- жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарындағы жұмыстар, қызметтер және тауарларды сатып алу;
- басқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген төлемдерді төлеу.